

**С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ**

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Павлодарского государственного университета имени С. Торайгырова

ПМУ ХАБАРШЫСЫ

Филологиялық сериясы
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ПГУ

Филологическая серия
Издается с 1997 года

СПЕЦВЫПУСК

Павлодар

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ

Павлодарского государственного университета имени С. Торайгырова

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на учет средства массовой информации

№ 14210-Ж

выдано

Министерством культуры, информации и общественного согласия
Республики Казахстан**Бас редакторы – главный редактор**

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Демесинова Г. Х., *к.ф.н., доцент*

Ответственный секретарь

Шахметова Н. А., *к.ф.н.,
ассоц.проф. (доцент)***Редакция алқасы – Редакционная коллегия**

Брицын В. М., *д.ф.н., профессор (Украина)*
 Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Россия)*
 Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*
 Жусип К. П., *д.ф.н., профессор*
 Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*
 Казиминова И. А., *ст. науч. сотр. НАН, Украина*
 Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*
 Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Россия)*
 Ыскак Д., *д.ф.н., профессор*
 Хасанулы Б., *д.ф.н., профессор*
 Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник ПГУ» обязательна

© ПГУ имени С. Торайгырова

МАЗМҰНЫ**Акбаров А.**Қосмәдениеттілік: мәдениетаралық коммуникация бойынша
зерттеулердің нормативтері мен нәтижелері 12**Ақбердыева Б. Қ.**

Сөздің ұғымдық даму деңгейлері 22

Акузова А. А.

Көркем мәтіннің антропoeзектілігі жайында 26

Алдабергенова Г. Д., Таурова Н. А.

Көпмәдениетті тұлғаны қалыптастырудағы этномәдениеттің рөлі 33

Алиева А. Д.Ресей тіліндегі оқулардың ұлттық ұйымдарындағы
WEB-курстың технологиясы 42**Алимжанова Г. М.**Кәсіби құзыреттілік бітірушінің профессиограммасын
құрастырудың негізі 50**Әлімжанова Г. М.**

Ұлттық тілдік әлем суреті және оның компоненттері 62

Амренова Р. С.Ертегілер әлемінің тілдік бейнесі – этникалық
және тілдік сәйкестіктің басты қайнар көзі 71**Асыллова Р. О.**Аңшылық-саятшылықта қолданылатын құрал-сайман
атауларының ерекшелігі 83**Ахметжанова З. К.**

Адамның ішкі тұлғалық мәдениеті 94

Әбеуұлы А.

Балаға не үшін құлақ береді? 108

Базарбекқызы С. Қ.І. Жансүгіров романдарындағы тұрақты сөз тіркестерінің
мағыналық топтары 113**Баймурзина А., Ахметжанова З. К.**

«Тектілік» концептісі: мәні және құрылымдық компоненттері 122

Балабекова Н. Р.Қазақ және түрік тілдеріндегі қаратпа сөздердің
деминутивтік мағыналары 128**Баялиева Г. Ж.**

Білім берудегі жаңашыл үрдістер және оның маңызы 137

Бейсембаев А. Р.

Функционалдық сауаттылық білім капиталын қалыптастыру негізі ретінде 143

Бекмагамбетов Ш.Ежелгі түбір сөздер табиғатын тіл генетикасы тұрғысынан
тілдік негіздер арқылы зерттеудің маңыздылығы 152

Ағылшын тілінің оқытушыларының американдық өкілдерінің
мәдениеті үшін: педагогикалық зерттеулер159

Дәулеткерей М.

Роман және тарихи тұлға (Қабдеш Жұмаділовтің «Прометей алауы»
романындағы Ақтайлақ би бейнесі)171

Джакыпбекова Т. М.

Панфиловшылар ерлігін жырлаған поэмалардағы
суреттелген табиғат құбылыстары183

Есенова Қ. Ө.

Дискурстық білімнің концептуалдануы:
саяси қатысымдағы метафоралар195

Жаңабекова А. Ә.

Ұлағатты ұстаз, білгір ғалым, профессор Зәуреш Қанашқызына тағзым! ... 207

Жолшаева М. С.

Профессор З. Қ. Ахметжанова және қазақ аспектологиясының
бүгінгі мен болашағы214

Жұбанов А. Қ.

Тілдің лексикалық жүйесін этномәдениеттік негізде зерттеу220

Жұмалиева Р. З.

Коммуникативтік кеңістіктегі көркем кинодискурс қимыл-әрекет
коммуникациясының функционалдық сипаттамалары226

Жұмасhev А.

Анықтық/танықтық категориясының тақырыпшы
және баяншы мүшедегі көрінісі235

Ибраимова Н. Ж.

Абай, Ыбырай шығармалар тілінің қазақ әдеби тілі тарихи
парадигмасындағы орны және оны оқытудағы тәсілдер247

Қабылов Ә. Д., Абылғазиева С. Қ.

Оқу үдерісінде ұлттық құндылықтар мен қарым-қатынас
мәдениетін үйлестіру254

Қасымқызы Қ. Б.

Сөз семантикасындағы бағалауыштық және эмотивтік мән267

Қасымова Г. М.

Адам капиталын дамытуда компонент ретіндегі
коммуникативтік құзыреттілік275

Құлманов С. Қ., Жонкешов Б. С.

Латын графикасына транслитерациялауда
басшылыққа алынатын құжаттар282

Кушкымбаева А. С.

Қазақ дүниетанымындағы «Абыз» концептісінің көрінісі295

Күдерінова Қ. Б.

Жаңа әліпби – ұлттық сананы жаңғыртудың басты тетігі306

Қазақбаева Ш. Ш.

Қазіргі тіл ғылымындағы прагматикалық бағыт317

Маралбек Е.

Поэтикалық тілдегі «мөлшер» ұғымының көрінісі322

Мәдібай Қ., Садырова А. Т.

Авторлық ауызша әдебиеттің түпбастау жәдігерлері334

Нүсіпбекова А. С.

Педагогикалық дискурстың ғылыми ізденістердің
нысаны ретінде зерттелуі349

Ордабекова Х. А.

Фразеологизмдер семантикасындағы символдық компонент361

Рахимова М. А.

«Интеллект» макроконцептісінің когнитивтік метафора
мен мақал-мәтелдердегі бейнесі369

Сейдикенова А. С., Бакитов А. Т.

Академиялық ұтқырлық – студенттердің адами капиталын
байытудағы маңызды фактор380

Смагулова А. С.

Қазақ тіліндегі мұнай және газ қарыз алу терминінің жүйесі390

Султанбекова С. С.

Когнитивті лингвистика және метафоралық зерттеулер399

Сырлыбаева Т. Г.

Фразеологиялық және лексикалық антонимдердің
контексттегі ерекшеліктері406

Сюрмен О., Санкибаева Б.

Субтитірлеуді ағылшын тілінен қазақ тіліне аударудағы
лингво-мәдени мәселелер417

Татибеков Б. Л.

Қазақстанның транзиттік экономикасының шарттарына
байланысты адам капиталын дамыту426

Тұрымбетова Ж. А., Берікболова П. К.

Қожа Ахмет Ясауи және Юнус Емре шығармаларындағы
сопылық сарын үндестігі431

Уәли Н.

Жыл он екі ай (лингво-этнологиялық байқаулар)443

Утениязов С. К.

Испан әдебиетіндегі Аттила бейнесі452

Фазылжанова А., Аушенова А.

Әлеуметтік желі пайдаланушыларының классификациясы464

Шормақова А. Б.

Көркем дискурстағы концептілердің көрінісі
(Ә. Кекілбаевтың «Бір шоқ жиде» повесі бойынша)473

Авторларға арналған ережелер485

СОДЕРЖАНИЕ

Акбаров А. Бикультурность: нормы и результаты исследований межкультурной коммуникации	12
Акбердыева Б. К. Уровни интегрированного развития слова	22
Аккузова А. А. О антропоцентризме художественного текста	26
Алдабергенова Г. Д., Таирова Н. А. Роль этнокультуры в становлении поликультурной личности	33
Алиева А. Д. Технология Web-квест на уроках русского языка в национальных группах неязыкового вуза	42
Алимжанова Г. М. Профессиональные компетенции – основа составления профессиограммы выпускника	50
Алимжанова Г. М. Национальная языковая картина мира и составляющие ее компоненты ...	62
Амренова Р. С. Отраженная в сказках языковая картина мира – источник этнической и языковой идентичности	71
Асылова Р. О. О специфике наименований инструментов охотничьего промысла	83
Ахметжанова З. К. Внутренняя личностная культура человека	94
Абеуулы А. Почему маленьким детям дают ухо барана?	108
Базарбекова С. К. Семантические группы устойчивых словосочетаний по роману И. Жансугурова	113
Баймурзина А., Ахметжанова З. К. Значение и структура компоненты концепта «благородство»	122
Балабекова Н. Р. Семантика уменшительности обращения казахского и турецкого языков	128
Баялиева Г. Ж. Педагогические инновации и их значимость в контексте современности	137
Бейсембаев А. Р. Функциональная грамотность как основа капитализации знаний	143
Бекмагамбетов Ш. Об исследовании природы древнекоренных основ с позиции языковой генетики	152

Гефранова Е. Представления изучающих английский язык об американской культуре: педагогические последствия	159
Даулеткерей М. Роман и историческая личность (образ Актайлак бия в романе Кабдеша Жумадилова «Пламя прометей»)	171
Джакыпбекова Т. М. Пейзажные зарисовки в поэмах, посвященных панфиловцам	183
Есенова К. О. Концептуализация дискурсного знания: метафоры политической коммуникации	195
Жанабекова А. А. Известный ученый, образцовый учитель Зауреш Канашовна!	207
Жолшаева М. С. Профессор З. К. Ахметжанова и казахская аспектология: сегодня и перспективы	214
Жубанов А. К. Исследование лексической системы языка на этнокультурной основе ...	220
Жумалиева Р. З. Функциональные характеристики жестовой коммуникации в коммуникативном пространстве художественного кинодискурса	226
Жумашев А. Категории очевидности/неочевидности в тематическом и рематическом членах предложения	235
Ибраимова Н. Ж. Место произведений Абая и Ибрая в исторической парадигме казахского литературного языка и методы их преподавания	247
Қабылов Ә. Д., Абылғазиева С. Қ. Соблюдение национальных ценностей и общественной культуры в образовательном процессе	254
Касымова К. Б. Оценочно-эмотивное значение в семантике слова	267
Касымова Г. М. Коммуникативная компетентность как компонент в развитии человеческого капитала	275
Кулманов С. К., Жонкешов Б. С. Документы, принятые к руководству при транслитерации на латинскую графику	282
Кушкимбаева А. С. Видение концепта «Абыз» в казахском мировоззрении	295
Кудеринова К. Б. Новый алфавит – главный механизм модернизации национального самосознания	306
Казакбаева Ш. Ш. Прагматические направления современной языковой науки	317

Маралбек Е. О поэтических средствах выражения понятия «меры»	322
Мадибай К., Садырова А. Т. Памятники авторской устной литературы раннего периода	334
Нусупбекова А. С. Педагогический дискурс как объект научных исследований	349
Ордабекова Х. А. Символический компонент семантики фразеологизмов	361
Рахимова М. А. Образно-метафорическая представленность макроконцепта «интеллект»	369
Сейдикенова А. С., Бакутов А. Т. Академическая мобильность студентов – важный фактор обогащения человеческого капитала	380
Смагулова А. С. Заимствование терминосистем нефти и газа в казахском языке	390
Султанбекова С. С. Исследования когнитивной лингвистики и метафоры	399
Сырлыбаева Т. Г. Особенности фразеологических и лексических характеристик в контексте	406
Сюрмен О., Санкибаева Б. Лингвокультурологические проблемы перевода субтитров с английского на казахский	417
Татибеков Б. Л. Развитие человеческого капитала в условиях транзитной экономики Казахстана	426
Турумбетова Ж. А., Берикболова П. К. Суфийская гармония в произведениях Ходжи Ахмета Ясави и Юнуса Эмре	431
Уали Н. Двенадцать месяцев	443
Утениязов С. К. Образ Атиллы в испанской литературе	452
Фазылжанова А., Аушенова А. Классификация социальной сети	464
Шормакова А. Б. Отражение концептов в художественном дискурсе (на материале повести А. Кекилбаева «Бір шоқ жиде»)	473
Правила для авторов	485

CONTENT

Akbarov A. Bicultural competence: norms and research results of intercultural communication	12
Akberdiyeva B. K. Levels of integrated word development	22
Akkuzova A. A. About the anthropocentrism of the text	26
Aldabergenova G. D., Tairova N. A. The role of ethnoculture in the formation of the polycultural person	33
Aliyeva A. D. Technology of the Web-quest in lessons of Russian language in the national groups of the non-language university	42
Alimzhanova G. M. Professional competence is a basis of compilation of the professiogram of the graduate	50
Alimzhanova G. M. National linguistic picture of the world and its constituent components	62
Amrenova R. S. The language picture of the world – the source of ethnic and language identity	71
Asylova R. O. About the specificity of names of hunting and fishing tools	83
Ahmetzhanova Z. K. Innerpersonal culture of a person	94
Abeuuli A. Why do they give the ear of the sheep to small children?	108
Bazarbekova S. K. Semantic groups of sustainable values on the novel of I. Jansugurov	113
Baymurzina A., Ahmetzhanova Z. K. Meaning and structure of the concept of «Nobility»	122
Balabekova N. R. Semantics of the diminutive address of the Kazakh and Turkish languages	128
Bayaliyeva G. Zh. Pedagogical innovations and their significance in the context of contemporaneity	137
Beysembaev A. R. Functional literacy as the basis of knowledge capitalization	143
Bekmagambetov Sh. About the investigation of the nature of ancient critical foundations of the position of language genetics	152

Gerfanova E.	
English language learners' representations about American culture: pedagogical implications	159
Dauletkey M.	
Novel and historical personality (An image of Aktailak biy in the novel of Kabdesh Zhumadilov «Flame of Prometheus»)	171
Zhakypbekova T. M.	
Landscape drawings in the poems, dedicated to Panfilov's men	183
Esenova K. O.	
Conceptualization of discourse knowledge: metaphors of political communication	195
Zhanabekova A. A.	
Known scientist, exemplary teacher Zaufresh Kanashovna!	207
Zholshayeva M. S.	
Professor Z. K. Akhmetzhanova and Kazakh aspectology: today and prospects	214
Zhubanov A. K.	
Study of the lexical language system on the ethnocultural basis	220
Zhumaliyeva R. Z.	
Functional characteristics of a sign language in the communicative space of a feature film discourse	226
Zhumashev A.	
Categories of evidence / unknown in the thematic and rematic members of the sentence	235
Ibrayemova N. Zh.	
Place of works of Abay and Ybyray in the historical paradigm of Kazakh literary language and the methods of their teaching	247
Kabylov A. D., Abylgazyeva S. K.	
Compliance of national values and community culture in educational process	254
Kassymova K. B.	
Evaluating effective meaning in the words semantics	267
Kassymova G. M.	
Communicative competence as a component of developing human capital ...	275
Kulmanov S. K., Zhonkeshov B. S.	
Guide documents on the transliteration to latin script	282
Kushkimbayeva A. S.	
Vision of «Abyz» concept in the worldview of the Kazakhs	295
Kuderinova K. B.	
New alphabet – the main mechanism of modernizations of national self-consciousness	305
Kazakbayeva Sh. Sh.	
Pragmatic directions of modern language science	317
Mapalbek E.	
On poetic means of expressing understanding of the nation of «Measure»	322

Madibay K., Sadyrova A. T.	
Monuments of the author oral literature of the early period	334
Nasyrbekova A. S.	
Pedagogical discourse as a scientific research object	349
Ordabekova H. A.	
Symbolic component of phraseologisms semantics	361
Rahimova M. A.	
Image-metaphoric representation of the macroconcept «Intelligence»	369
Seydikonova A. S., Bakitov A. T.	
Academic mobility of students is the important factor of concentration of human capital	380
Smagulova A. S.	
Borrowing oil and gas terms in the Kazakh language	390
Sultanbekova S.	
Study of cognitive linguistics and metaphor	399
Syrylbayeva T. G.	
Features of phraseological and lexical characteristics in the context	406
Syurmen O., Sankibayeva B.	
Lingua cultural issues of English-Kazakh subtitling	417
Tatibekov B. L.	
Development of human capital in the conditions of transit economy of Kazakhstan	426
Turumbetova Zh. A., Berikbolova P. K.	
Sufi harmony in the works of Khoja Ahmet Yesevi and Yunus Emre	431
Uali N.	
Twelve months	443
Uteniyazov S. K.	
The image of Atilla in spanish literature	452
Fazilzhanova A., Aushenova A.	
Classification of social network	464
Shormakova A. B.	
Reflection of concepts in literary discourse (on the material of the story by A. Kekilbayev «Bir shok zhide»)	473
Rules for authors	485

21 **Gardini, S., Cornoldi, C., & De Beni, R.** Mental imagery. In K. Pawlik, & G. d'Ydewalle (Eds.), Psychological concepts : An international historical perspective. – Hove : East Sussex: Psychology Press, 2006. – P. 141–162.

22 **Nikitina, L.** Language learners' representations of Portugal: implications for culture teaching // Cultura y Educación, 2016. – № 28. – P. 863–879.

23 **Hirsch, E. D.** Cultural literacy: What every American needs to know. – New York : Random House, 1988.

24 **Nikitina, L.** Language learners' representations of Spanish-speaking countries: How can they inform language pedagogy? // RevistaSignos, 2017. – № 50. – P. 50–70.

Material received on 06.12.17.

Е. Гефранова

Ағылшын тілінің оқытушыларының америка өкілдерінің мәдениеті үшін: педагогикалық зерттеулер

Ш. Уәлиханов атындағы

Көкшетау мемлекеттік университеті, Көкшетау қ.

Материал 06.12.17 баспаға түсті.

Е. Гефранова

Представления изучающих английский язык об американской культуре: педагогические последствия

Кокшетауский государственный университет

имени Ш. Уәлиханова, г. Кокшетау.

Материал поступил в редакцию 06.12.17.

Бұл зерттеуде ағылшын тілінің оқытушылары жүргізген американдық мәдениеттің көзқарасы қарастырылды. Зерттеуге қатысатын студенттер 36 жыл бойы зерттеу жүргізді. Зерттеудің негізгі мақсаты – суреттер тілінің студенттері американдық мәдениетке қатысты екендігін зерттеу. Алынған деректер ағылшын тілі факультетінің екінші курс студенттеріне тілдік курстар жасауда әрі мақсатты тіл мәдениетін оқытуға бағытталған.

В этом исследовании изучались представления американской культуры, проведенные студентами английского языка. Число учащих, участвовавших в исследовании, составляло 36. Основная цель исследования заключалась в изучении того, что изучающие языки образов имели об американской культуре. Полученные данные были

использованы далее при построении языкового курса для студентов второго курса английского факультета, который был ориентирован на обучение целевой языковой культуре.

ӘОЖ 82.3

М. Дәулеткерей

докторант, І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ.

e-mail: m.dauletkerey@bk.ru

РОМАН ЖӘНЕ ТАРИХИ ТҰЛҒА (ҚАБДЕШ ЖҰМАДИЛОВТИҢ «ПРОМЕТЕЙ АЛАУЫ» РОМАНЫНДАҒЫ АҚТАЙЛАҚ БИ БЕЙНЕСІ)

Қай халық болмасын өзінің тарихымен, рухани әлемімен халықтық болмысын сақтайды. Мақалада роман мен тарихи тұлға ұғымдары қарастырылған, осы орайда тарихи романдардың авторы Қабдеш Жұмаділовтің «Прометей алауы» атты романының басты кейіпкері Ақтайлақ бидің бейнесіне талдау жасалған.

Кілтті сөздер: тарихи роман, тарихи тұлға, Прометей алауы, Ақтайлақ би, елжандылық, ұлттық мінез.

КІРІСПЕ

Жазушы қаламының қуатымен қоса жазушылық еңбегінің романға жан бітіруі, көркемдік шындыққа бой ұруы маңызды, әрі, өзекті мәселе. «Жазушылық еңбек әлденеше сатыдан тұрады. Тарихи шындықты, өткен өмір деректерін тексеру, іштей меңгеру – ізденістер сатысына жатады. Жазушы таза логикалық жолмен материалдың анық-қанығына көз жеткізеді. Ойланады, толғанады. Ақыры шабыт атты қанатты тұлпарға мініді. Ыждағатты ынталы зерттеушіден таныған-білгенін суреттейтін бейнелеушіге ауысады» [2, 174]. Тарихи роман жазуда ерен еңбек пен пайым парасаты керек. Жалаң дерекке жол ашу немесе қиялға ғана үстемдік беру тарихи роман табиғатына жат дүние. XX ғасырдың екінші жартысында туған тарихи романдарды көз елегінен өткізген Р. Бердібаев аталған жанрға төмендегідей баға береді. «Тарихтың жауапты ұрымтал тұстарын көрсету, белгілі адамдардың ақиқат тарихи мәнді істерін, тұлғасын ашу принципі тарихи романдар алдында орасан биік міндет жүктейді... мұнда да қаһармандардың

сырт келбеті, ішкі субъективтік болмысы өмірдің объективтік ағымымен ажырамас бірлестікте болуы шарт. Шындық пен қиялдың табиғи үйлестік табу мәселесі де тарихи романдарда аса қажетті қызмет атқарады» – дей келе, «қазіргі тарихи романдардың тағы бір ұнамды сипаты – тарихи адамдар өмірінің диалектикасына тереңдеп, дендеп ене алатындығы» [3, 4], – деген баға береді. Яғни жазушы үшін өткен өмірдің тарихи сәттерін, тарихи қаһарманын қиялға ерік бере отырып шындықтан алшақтамайтын үйлесіммен оқырманымен қауыштыру міндеті тұр. Шындығында «Абай жолынан» бастау алатын қазақ тарихи романдары кеңестік кезең «жылымық» дәуірін бастан өткеріп жатқан сәттен бастан шоғырлана бой көрсетті. Қазақ халқы тарихи танымын көркем шығармадан тауып, тарихи тұлғаларымен қауышты. Уақыт еншісінде өз қолтаңбаларын қалдырған, бірақ кеңестік саясаттың кесірінен есімдері көмескі тарта бастаған хандар мен бектердің, батырлар мен билерлердің көркем бейнесі халық жадында қайта жаңғырды. Тарихи көркем туындының бір қасиеті кейіпкерін ішкі психологиясымен, өскен ортасын қоғамымен, жүрген жерін табиғатымен қоса суреттелуі. Оқырман талабынан шығу жазушының басты міндеті. Сондықтан хан отырған таққа отырып, би шыққан дөңге шығып, батыр ұстаған қанжарды ұстап, халық болып қуана, дұшпан болып бармақ тістей білуі тиіс. Дәл осындай талапқа жауап беретін жазушы, «Дарабоз», «Соңғы көш» сынды тарихи романдардың авторы Қабдеш Жұмаділов. Біздің сөз етуге оқталып отырған көркем шығарма да осы автордың қаламынан туған тарихи роман – «Прометей алауы». Автордың өз тілімен айтар болсақ, «...тарихи баян» деп атаған дұрыс шығар. Себебі, мұнда тұрмыстың ұсақ-түйегі тәптіштелмей, тарихта болған белгілі тұлғалар, солардың басынан өткен кесек оқиғалар ғана баяндалады».

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Автордың кәмелет жасқа толар-толмастан «Абай жолын» оқып, әдебиетке, көркем туындыға деген «мәңгілік құштарлығы», «Әуезовке деген ұлы махаббаты» оянды. Кейіннен заманының заңғар жазушысы, мәртебелі ғалым Мұхтар Әуезовтің дәрісін тыңдап қаламы қарымды жазушыға айналды. Талант табиғатына тән «қиял», «өмірбаян», «парасат», «шеберлік» [4, 13] сынды қасиеттер жазушы бойынан табылады. Оған тарихи деректерді жинаудағы еңбекті қосыңыз. «Эпопеялық деңгейдегі шығармалар жазған қаламгер алдын-ала мол материал жиятыны әдебиет тарихынан белгілі» [3, 23] «Тарихи баянды» жазар алдында жазушы «жаңа шығармаға материал жинау үшін тағы да жолға шығып бара жатты» [5, 190]. «Мақсаты – ұлы аруақтар тыным алған ескі кесене-күмбездерді көру, көне қыстау-қоныстарды аралап, жер бедерін көзден кешіру. Алдымен болашақ шығармасына қоныс таңдап,

сол жердің тау-тасын, өзен-көлін, қыл аяғы өсімдігіне шейін сүзіп шығу» еді. «Тарихи баян» отаны Аягөз бен Шәуешек жазушының көкейіне мықтап қонған. Ондағы ономастикалық атаулар және олардың сипаты романда өз қалыбын тапқан. Оқырманы кейіпкерінің мекен-жайын жете түйсінеді. Бұл жазушының ізденісінің нәтижесі. Тарихи оқиғалар бір-бірімен сабақтаса өріліп, оқушысын өзіне қарай баурап әкетеді. Кейіпкерлері де сан-алуан, әрқайсысының тұлғалық келбетін ашу да жазушылық шеберлікті қажет еткен.

Роман желісін қамтыған XIX ғасыр патшалық Ресей тарапынан отарлау саясатының Қазақстан аумағында жүргізілуі мен оған қарсы көтерілістердің жиі бой көрсетуі сынды тарихи оқиғаларға толы болды. Қысқаша тоқталар болсақ, 1781 жылы Абылай қайтыс болғаннан кейін Орта жүздің ханы болып оның баласы Уәли сайланды. Ол бір мезгілде Ресейге де, Қытайға да бодан болатыны жөнінде ант беріп, өз әкесінің саясатын жалғастыруға ұмтылғанын көрсетті. Дегенмен, оның тұсында хандық ішінде ыдыраушылық күшейді, сұлтандардың ықпалы өсіп, мұның өзі Қазақ хандығының әлсіреуіне әсерін тигізді. Бұл Ресейдің Орта жүз жеріне неғұрлым белсенді түрде енуіне жағдай жасады. XVIII ғасырдың аяғы – XIX ғасырдың басында өзінің отарлау саясаты барысында патша өкіметі ең әуелі Қазақстан жеріндегі хандық билікті жоюға кірісті. Хан билігі орыс шенеунігі басқарған уақытша кеңестің қолына көшті. Осындай кеңес құру арқылы Кіші жүз бен Орта жүз хандықтарының саяси дербестігін түпкілікті жою мақсатын көздеді. Патша өкіметі бұл мақсатты іске асыруды Орта жүз хандығынан бастады. Осы шеңбер аясында өрбіген тарихи баян көп деректерді көркемдік шындықпен көрсетеді.

Орталық кейіпкерге айналған Ақтайлақ би – XIX ғасырда өмір сүрген тарихи тұлға. Тарихта «би», «Қаракерей руының биі», «қара қылды қақ жарған» деген сипаттағы кейіпкердің тұлғалық әлеуетін, бар болмысын танытудағы жазушы шеберлігі ерекше. Ақтайлақ би «болмысы, оның рухани әлемі, тұлғалық табиғаты көркем шығармашылықпен айналысушы туындыгерді толғандырғаны» [6, 14] хак. Жазушы мұраты қаламынан туған қарымды ойының халықтың игілігіне жарағандығында. «Бүгінгі күнде барша адамзатты алаңдатып отырған адам жанының тазалығы, рух күштілігі, отансүйгіштік қасиеті сынды адамның адам болып қалуына қызмет етер рухани болмыс беріктігін» [6, 15] көркем шығармадағы кейіпкерінің бойынан тауып, болашаққа үлгі ету де бар. Сондықтан тарихи роман бойына сіңген дәуір бейнесі, заман шындығы тағдыры сол кезеңмен тамырласқан, сол қоғамның түлегін, тұлғасын, кейіпкерін жасайды. Қазіргі қазақ әдебиетіндегі қажеттіліктен туған ізгілікке негізделген «адами қасиеттердің ішкі таным тұрғысынан көркем бейнеленуінің деңгейін мүмкіндігінше танып-білу мақсатында әлеуметтік жүгі салмақты қазақ романдары таңдалып алынып,

ондағы қоғамдық тұлға ретіндегі кейіпкерлер әлеуетінің қалыптасуын жасауға талпынған шығармаларға жан-жақты талдау жасалуы қажет» болса, соның алғашқыларының бірі болып «Прометей алауы» табылатынын айта кету керек.

Романда тарихи тұлғаның өмірі, қоғамдағы орнымен қатар сол заманның бейнесі, атадан немереге дейінгі аралықты қамтыған бүкіл бір дәуірдің аса ірі тарихи оқиғасы қамтылған. Тарих сахнасында қазақ деген елдің барын айғақтайтын Қазақ хандығының құрылуы, ұлт ретіндегі сананың, рухани құндылықтың қалыптасуы, «ұлттық кодтың» көрініс беруі, кейіннен бодандыққа бой ұрғанда қалай аласұрғандығы биік парасатпен пайымдалады. Сондықтан романның өзегі де, идеясы да ұлт мүддесі деп білеміз.

Ауыл сыртында жан-жаққа көз тастаған Ақтайлақ бидің күрсінісін сол заманның перзенті Бәшер тұрмақ бүгінгі оқырманы да бағамдамас еді. «Бұған Бәшер молданың ақылы жетпейді. Құдауанда, осыншама «аһ» ұрып, күрсінетіндей бұл кісіге не жетпейді екен?! – дейді іштей таң-тамаша болып» [5, 7]. Шындығында, Ақтайлақ бидің төрт құбыласы тең. Бақ – мынау, дәулет – анау! «Егер осы елдің кез-келген адамын тоқтатып, «Жалғанда төрт түлігі сай, армансыз пенде көрдің бе?» деп сұраса, әлгі кісі ойланбастан Ақтайлақ биді көрсетер еді». Адамзат қоғамында адам өмірінің мәнін байлықпен де, билікпен де өлшеу бар. Ал қазақы көзқарасқа сүйеніп төреден туып төрде отыратындай, биден тарап билік айтатындай, батырдан бастау алып жауының береkesін қашыратындай шыққан тегіне қараса да бұдан Ақтайлақ би құралақан емес. Өте туған атаның жете туған баласы дерсің. Ата даңқы керек пе? Арғы атасы Нар дауысты Нарынбай... Бергі Ку дауысты Құттыбай – Абылай ханның оң қолы, арысқа салар абызы болған кісі... өз әкесі Байғара болса әділ билігімен, пірәдар сопылығымен орта жүзді аузына қаратыпты... бір осалы болсашы! Кіндігінен тараған ұрпағына қарасақ та төрт ұлы – төрт ауыл. Әрқайсысы – мыңды айдаған байлар... Бастысы Ақтайлақ – арысы Найман, берісі Қаракерейдің төбесіне тұтқан төбе биі. Рухани түсінікті түйсікке ілмесек Ақтайлақтың күрсінуге қақысы жоқ. Бірақ, өрістегі малы мен өредегі құртына масаттанатын Ақтайлақ би емес. Қырағы көкірек көзі қырдағы малымен емес, қазақтың бағымен, қиядағы арманымен ұштасады. Абылай сынды кесек тұлғаны көзі көрген кейіпкеріміздің кейінгі билік үшін арпалысып, бірлікті ысырап еткен «хансымақтарға» көңілі толмайды.

Тарихи шындықты көркем шындыққа ұластыру түрлі жолмен жүзеге асса, Ақтайлақ би бейнесі осы бір күрсінісімен айшықталады. Қалай күн көрудің амалына көшкен пенделердің ортасында өмір сүріп, адамдық келбетін, атадан балаға мирас болған тектілігін жоғалтпай, өзінің ғана емес өзімен қандас халықтың қамын жеу ерлік пен кемеңгерліктің тегінен болса керек.

Бір ғана тәуелсіздік емес өзге де ұлы мұраттарды түйістірген Ақтайлақ би болмысы оқырман жүрегінен орын алары ақиқат. Әр оқиға болған сайын

Ақтайлақ би тұлғасы даралана түседі. Тарихи роман бойында кездесетін «тар жол тайғақ кешулерде» оқырман Ақтайлақ биді іздейді. Жаны таза би тұрғанда қазақ деген ұлттың құрып кетпейтініне сенді. Төреден туып, төрде отырған Бопы алжыса да, Ақтайлақ бидің ондай дертке душар болғанын қаламайды. Себебі жан-жағынан алқымдаған жау қазақты жұтып жіберудің амалын жасап атыр. Сол амалға қарсы дауа болып тұрған рухани өзек Ақтайлақ би еді.

XIX ғасырда ұлан-ғайыр даланың төсіндегі қазақ қоғамы тарихқа қандай сыбаға қалдырды. Керей мен Жәнібектен бастау алып, Абылай хан шырқау шегіне жеткізген хандық билік ұлан ғайыр даланы жандарын құрбандыққа шала отырып қорғады, халықтың кәдесіне жаратты. Келер ұрпаққа аманат етті. Ақтайлақ би заманы өз Абылайын туғыза алды ма? Әлде жан-жақтан қаумалаған жау бағамдағандай «қазақтың таққа таласқан жаңа хандары шетінен шенқұмар, баққұмар болғанымен, ел билеуге орашолоқ, ақыл-ойға таяз, жігер-қайратқа тапшы жандар» болып шықты ма? [5, 14] Қазақ жерін қасқырдай талап жеп жатқан, жұтып жатқан патшалық Ресей, Қоқан, Хиуа хандықтары сияқты көршілердің қылығы Ақтайлақ биді амалсыз күрсіндірді. «Өз еліне, өз жеріне тұтас иелік ете алмайтын, билігі бір дуаннан аспайтын хан» [5, 15]. Ақтайлақ биді қанағаттандырмады. Есіктен келіп, төр менікі дегенді меңзеген орыс қамалдары тынысты тарылтты. Шенқұмарлар шекпендерін аударып кигелі, ұлттық мүдде, ел болу амалы ұмыттылған. Ал тұлғалық әлеуеті толық Ақтайлақ бидей арда азаматтың жанкешті әрекеттері «сыртқы биліктен айрылса да, елді іштен ірітпей, аздырып-тоздырмай сақтап қалудың сенімді жолын» [5, 15] іздеуден туған. Әсіресе, ұлттық болмыстан айырылу қасіреті кезек күтіп тұрған шакта қырағы көзбен қырандай алысты шолып, іштей толғаныста болуы заңды болатын. «Ақтайлақ бидің өз өмірінде дауға дауа, билікке бітім таппай қиналған жері осы еді» [5, 22].

Ақтайлақ бидің қарыс жердегі қамалға әдейілеп соғып, дұшпанынан сыр тартуы, күліп кірген кірмелердің жымысқы саясатын бағамдауы кері кеткен заманның кереғар ағысына қарсы тұруы тұлғалық болмысын толықтырады. Көшпенділердің зәресін алып үлгерген от қару – зеңбіректі жан-жаққа қаратып, қарсы келгенінді жайратам дегенді меңзеуі қамалға келген Ақтайлақ биді селт еткізбеді. Жаугершілік заманды бастан кешкен, ұлт мүддесін былай қойғанда, ұлтарактай жер үшін жанын беруге дайын елдің азаматы екенін дәлелдегені болар. Жүрегінде отан үшін отқа түс жанбайсың, суға түс батпайсың деген пайым болар. Туған ел алдында мойныңды қанжар қиды не, кеуденді оқ тесті не бәрібір емес пе?! Тек осы бір қарудың дала заңына бағынбай алыстан айласын асырып, білекті батырынды қор ететіні болмаса. Данагөй бидің кеудесіне шаншу болып қадалған, жүрегін дір еткізіп, естен тандырған, «төтенше дабыл» белгісі еді. Бекіністің төрінен орын алған

ғимараттың төбе жағынан шыққан темірлер қактығысынан туған дыбыс, бұрын қазақ даласында көрініс бермеген.

Ақтайлақ бидің көрегендігін қоңырау тілін түсінуінен аңғарамыз. «Міне, мен келдім ортаңа! Ұйқыңнан оятуға, айдарлыңды құл, тұлымдынды тұл етуге келдім. Ендігі ерік тізгінің менің қолымда! Жеріңді ған жайлап қоймай, тіліңді, діліңді, иманыңды қоса аламын! Бодауына берерім – бодандық пен кіріптарлық» деп тұрғандай. Қамалда алғаш болып бой көтерген, пошымы басқа ғимараттың ішінде бір сұмдықтың барын сезіп солай беттеуі бекер емес. Бекер күрсінбеген екен ұлы тұлға. Ағашқа таңулы адам бейнесін құдайға балаған пенделердің әрекеті шынымен де үрей туғызады. Сан ғасырлар бойы аттан түспеген бабаларымыз ұрпағын қор етпеудің, жерін, елін сақтаудың, тілін, ділін, дінін жоғалтпаудың қамымен ғұмыр кешкенін Ақтайлақ би қайдан естен шығарсын. Қазыбек биден мирас болып қалған «Атадан ұл туса құл боламын деп тумайды, анадан қыз туса құң боламын деп тумайды» дегенді Ақтайлақ би естіген. Көк бөрінің ұрпағы еріктен айырылса ертеңгі күні не болмақ? Көк тасқа түркіміз деп жазып, тәңіріге ғана бой ұрған, кең дала төсін еркін кезген дала тағылары енді қалай ғұмыр кешпек? Бодандық пен кіріптарлық пешенеге бұған дейін жазылмаған дүние еді ғой. Тілден, діннен алшақтаса одан үлкен қасірет бар ма?! Жер басып жүру бекер болар. Автор шеберлігі Ақтайлақ би тұлғасын оқырманымен осылай қауыштырады. Романдағы басты кейіпкеріміз, тарихи тұлға Ақтайлақ би сюжет желісімен бірге ширатыла, көзге түсетінін жоғары да айтқанбыз. Орталық кейіпкердің қол қусырып қарап отыруына тектілігі мұрша бермес.

Романға арқау болған оқиға XIX ғасырдың алғашқы жартысындағы отарлау саясатының құрбанына айналған қазақ қоғамында өткендіктен психологиялық толғаныстар басым.

Бұл: «Былай барсаң Қоқан бар,
Қоқаңдаған әкең бар.
Былай барсаң Бұхар бар,
Жайын болып жұтар бар.
Былай барсаң қырғыз бар,
Ерімейтін бір мұз бар
Арт жағында орыс бар,

Сонда саған қай жерде жайлы қоныс бар» – деп зарланатын, толғанатын заман болатын. Автор роман эпилогында заман сиқының бұзылуын «сүттей ұйыған қазақ қоғамының ыдырағанына бұрынғы береке-бірліктің жойылғандығында болып тұрғандығын меңзейді». Немесе ғасырлар бойы билікті төре тұқымына беріп қойған халықтың қарадан (қазақтан) туып хан болуға қауқары жетпегенінде. Қанымызға сіңген алауыздық, шенқұмарлық, көреалмаушылық, аңғалдық тағы бар. Рухани әлемі әлсіреген халық бір

демде жойылып кетуі ықтимал. Бәшер молда өз қандасы Ғайнидденнен неге тыжырынады, «қаһар сокқан хайуан» деп тілдейді. Себебі Ғайнидден дінін сатты. Рухани азғындыққа жол берді. Нюхаловтың көлеңкесіне айналды. Ділін сақтан, дінін сатқан пендені іштей аяйсың, жиренесің. Ақтайлақ бидің қамдануына осы көрініспен қоса «егер қазақ ішінде христиан дініне кірем деушілер болса, әулие әкей ештеңе алмай тегін шоқындырады. Тіпті, кісі басы үлестіретін ақшалай сыйлығы да бар...» – деген жүрегінді қолқаңмен қосып жұлып алар, сұрапыл ұсыныс себеп болды. Қазақты діни танымы таяз деп ұшқары ойлайтындардың оны шоқындыру қиын болмас деп демеленуін би жақсы түсінеді. Ақтайлақ бидің ұлылығын Қасым төрені іштей жақсы көруінен, Түркістаннан қожалар ауылын көшіріп әкелу болжамында мығым көркемдік тұғыр тапқандай. Қасым төрені, одан туған қазақтың соңғы ханын жақсы көруінің себебі көп. Біріншіден заман ағысын қарсы жүзіп, дұшпанының еркін тыныстауына жол бермеді. Өз кіндігінен тараған ұлдарын сұрапыл заманның құрған қақпанын біле тұра құрбандыққа бастады. Ел ертеңі үшін туған есіл ерлерін ерге қондырды. Әкеден өте туған Кенесары хандық дегенді мансап деп емес азаттық, тәуелсіздік деп түсінді. Атасы Абылай «ел үмітін ақтады. Орта жүзге отыз жыл, иісі қазаққа он жыл хан болғанда, намысты қолдан берген жоқ. Қазақ жерін жоңғардан тазартты. Қыңыр тартқан қырғызды жуасытты. Қоқаңдаған Қоқанды қойдай қуып, талас қала Ташкенттен айдап шықты» [5, 33]. Ата жолын қуып, жан-жақтан қаумалаған дұшпанына сес көрсетті. Әкесі Қасымның да, Кенесарының да ойы – ұрпаққа үлгі тастау, ел намысын қорлатпау... Ең бастысы, олар сол кезде қазаққа айбар болып отырды. Басынған жаудың бейбастақ ойларын болдыртпай, аяқтарын аңдап басуға мәжбүр етті. Мансап үшін жанын салған сол заманның шенділеріне тоқтау салуға күш салды. Оған Ақтайлақ би куә, хан соңынан ерген халық куә. Кеңестік дәуірде «арандатушы», «қаракшы» образындағы ханның болмысын «Прометей алауында» Ақтайлақ бидің ішкі монологы арқылы ақтап алуға болады. Егер қазаққа Кенесарыдай ұл болмағанда халықтың тағдыры не болар еді. Ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кетер еді. Ақтайлақ бидің соны ойлағанда көкірегі қарсы айрылады. Қолдан билік кетсе де, бостандық идеясының өлмегеніне шүкір дейді. Хан Кене үшін Алладан дұға тілейді. «Иләйім, аман жүрсін есіл азамат... Жортқанда жолы болсын! Ақ патшаның шабуылын түбегейлі тойтармаса да, осындай бір адамның ақыра айбат шегіп, жау бетінде тұрғанының өзі қаншалық?!» [5, 59]. Автор идеясындағы осы бір шебер өрнектелген екі тұлға арасындағы дәнекердің болуы болуы заңды еді. Себебі, екеуі де бір үйдің данасы емес, бір елдің баласы болып жүрген, ел тағдырын ойға алғанда түн ұйқысы төрт бөлінетін есіл азаматтар.

Жазушы шығармасындағы орталық кейіпкер Ақтайлақ бидің екінші бір қыры оның көрегендігі. Дауға дауа тауып, ашуға басалқы айтар би болу

бір басқа, замана ағымына қарай отырып, бүгіннен сыр алып, ертеңіне қам жасауға мұрындық болу бір басқа. Кейіпкердің тұлғалық болмысынан аталған екі қасиет те табылады. БИндыны жаман дұшпан мен пиғылы жаман қандастың әрекетіне қарай отырып, ертеңгі күннің бұлыңғыр екенін сезеді. Амалсыз тағы отыра алмайды. Ерлерін атқа қондырғаннан нәтиже болар ма?! Болса Хан Кененің айы оңынан туар еді ғой. Оның үстіне би бейбіт өмірді қалайды. Қазаққа бір ұлыс болып, ұйып отыру жазылмаған. Тарих сахнасында үш ғасырдан астам уақыт хандық құрған қазақтың түбіне сырттан келген дұшпан емес, іштен шыққан жау жетті. Ақтайлақ би ойлағандай төресіз төбесі көкке жетпейтіндей елміз. Қартайған шағында өзге емес төре тұқымы Бопыны қадір тұтатыны да сондықтан болар. Биліктен қадір кеткен заманды би берекені қайдан іздеді?! Жүрегін тыңдады. «Ел билігі мен жер билігі жат қолын өтгі деген осы. Енді жойылып кетпедің бір ғана амалы бар: халықты аздырып-тоздырмау, тілін, ділін, иманын сақтау... ендігі зор майдан кең даланың төсінде емес, әр адамның бойында, жүрегінде өтуі мүмкін. Дәл қазір құдайдан өзге қуат, исламнан басқа қорғаныш жоқ. Әр жүректі басып өтетін шекара шегі де осы болмақ» [5, 21]. Бұдан өткен даналық болар ма?! Ұлттың тарих сахнасынан өшпегенін куәландыратын үш нәрсе болса, соның өзі тіл, діл және дін емес пе. Автор кейіпкерінің осы бір даналығын диалог арқылы жеткізеді. Өз замандасы Бопы «төреден опа таппаған соң, енді қожа іздей бастадыңдар ма?» – деп әзілдей келіп, «жат жұрттық басқыншыға халықтың ділі мен дінін, иманы мен сенімін тосқауыл етем дегенің – табылған-ақ ақыл. Мұны ойламасаң, сен Ақтайлақ би боласың ба?!» [5, 37], – деп замандасының көрегендігін тағы бір айғақтайды... Емі табылған ауру іспетті. Орталық кейіпкердің пайымы күшті. «Мен бірдеңе білсем, ендігі бір үлкен шайқас түзде емес – үйде, әр оттың басында өтеді. Бұл майданда әскері, оқ-дәрісі көптер емес, рухы күштілер жеңбек» [5, 37], – деп түйін жасап, рухани сілкініс жасауға ниет етеді. Қазақ бағзы заманнан тәңіріге табынған, десе де Алла жолындағы сенімнің әлсіздігі көзге ұрып тұрады. Ақтайлақ бидің жорамалдауынша қазақтың діни танымының тереңдеуіне уақыт мұрша бермеді. Иассауи заманынан келе жатқан діни сауаттылық жаугершілік кезеңде, әсіресе жоңғар шапқыншылығы кезінде мүлдем әлсіреді. Зардабын Ақтайлақ бидің заманы тартуда. Жүректегі иманның әлсіреуі, сатқындықтың, көрсоқырлықтың, азғындықтың дендеп енуіне жол ашады. Оған тарих куә. Араша болатын «Прометей алауына» балаған діни дүниетаным ғана. Роман атауының осылай аталуын оқырманы осы сәтте ғана бағамдайды.

Түсінігімізде антика әлемінде құдайлар мекенінен от ұрлап, жердегі адамдарға жеткізгені үшін жазаланған Прометей жер бетіне тіршіліктің пайда болуынан бастап адамның адамзаттық мұратта өмір сүруіне дейінгі аралықта

жаратушы жаратқан пендесін рухани дүниесімен жарылқады. Жүрекке иман берді. Аяушылық сезінім оятты, жыртқыштықтан аулақтады. Мейірім сыйлады, бір-бірін бауырына басты. Ақыл мен парасат берді, адамша өмір сүруге дағдыланды. Хайуандар әлемінен алшақтады. Бұл Алланың берген сыйы, алауы ғой. Грек-римдердің түсінігінше Прометей себепкер ғана. Ал қазаққа алау қайдан келмек? Прометей аспаннан түсе ме? Бұл сұрақтың жауабын әзірше Ақтайлақ бидің даналығы шешеді.

Қазақ дүниетанымындағы салт-дәстүрді берік ұстанған бидің Түркістан жерінде жатқан аталарының басына жыл сайын барып құран оқып, ас беруі дағдылы іс еді. Осы сапарлар барысында Ақтайлақ бидің аңғарғаны Түркістан аумағында діни танымның тереңдігі. Түркістан маңына қоныстанған пайғамбар әулетінен тараған қожалардың діни түсінігі мен ұстанымдары, имандылық кемелі Арқа төріне дәл осындай Прометей алауын әкелуге себепкер болмақ.

Шахиахмет Жамалиұлы – Арқа мен Түркістан арасындағы ұлы көштің себепкері. Шежіреден екі тұлғаның жолығуын қалт жібермей бағамдаған автор роман тынысының кеңеюіне жол ашты. Ақтайлақ би ауылына келген сыйлы қонағына қолқа салып, пайғамбар әулетінен тараған ұрпақтардың би ауылына қоныс аударуын өтінеді. Қожалардың бір қасиеті пайғамбар аманатын адал атқаратындығында. Жайлы қоныс пен жақсы тұрмыс үшін бір жерде тұрақтап қалмай ислам өркениеті үшін қайда көшуге де дайын екенін автор оқырманына баяндап өтеді. Тіпті басты кейіпкерге «байлық дегеніміз – қанағатта екен-ау» дегізіп, қожалар бойындағы адамшылықтың парқын арттырады. Ақтайлақ би тарапынан қазақтың ғана қанында бар ізгі қасиет жеті атаға шейін қыз алыспауды «көңіліміз ақ, қанымыз таза» деп дәріптей келе қазақ пен қожа арасында туыстық қасиеттің орнауын қалайды. Себебі екеуі де Алланың құлы, Мұхаммет пайғамбардың үмбеті. Сонымен қазақ даласында тағы бір тарихи сәт, ұлы оқиға «бастау көзін Түркістаннан алған, Ақтайлақ бидің имани-рухани ағысына» куә боламыз. «Бұл Ақтайлақ би атқарған істердің шырқау шыңы, бұланай биігі деуге болады.

Оқырманын сүйіндіретін тарихи тұлғаның тағылымды істері жазушы шеберлігі арқылы ерекше ықыласпен баяндалады. Ақтайлақтың айналасындағы жақындары, замандастары, тіпті, отарлаушы елдің адамы Нюхаловтың өзі кейіпкер тұлғасының кемелін көрсетуге қызмет етіп жүргендей.

Адам мәңгілік емес, Ақтайлақ би де «алысқа кеткен жолаушының жолын тосқандай, ажалдың кешігіп жатқанына алаңдайды». Оқырманның мұнымен де келіспеске амалы жоқ. Себебі кейіпкер бағамдағандай «ел-жұртқа қадірінің барында, түр-сипаты бұзылмай, ақыл-естен жаңылмай тұрғанда, ешкімнің есіркеп-мүсіркеуін көрмегенін» қалайды. Аумалы-төкпелі заманда қыл үстінде тұрған қазаққа Ақтайлақтай арда биінің ғұмырының ұзақ болғанын

тілейді. Десе де, жазушы оқырманын Бопы қарияның алжыған сәттерін көрсету арқылы көндіретіндей. Ақтайлақ бисіз ұлттық намыс рулық мүддеге айнала ма деп, ортақ және белсенді тұлғалардың ықпалы жойыла ма деп қорқасың. Қаһармансыз көркем шығарма қалай алға баспақ? Жазушы бұған да амал тапқан.

Роман желісі оқырманына Құлақайдың қылығынан туған қызықты сәттерімен күлкі сыйлап, ислам ғибатадаттарынан руханиландыра отырып, алға жетелейді. Бердіқожа Әуез, Құнанбай, Ибраһим Әріп, Әсет, Құрбанғали есімдерімен еліктіре отырып, екінші кезеңді бастайды. Көзі қарақты оқырманына таныс тарихи тұлғалардың есімі көзге түскен сайын қазынаға бай аралға жолығардай алға ентелейсің. XIX ғасырдағы тарихи оқиғалардың барлығына дерлігі бой көрсеткен тарихи бейнебаян, қазақтың басынан өткен зұлмат замандардан сыр шертеді. Жаңылуды білмейтін отаршылық саясаттың жасанды келбетін көрсете отырып, эпилогқа жеткізеді. Екі ортада Ақтайлақ бидің көзін көрген Сымайыл Шейхұл Сейіттің арасындағы достықты, тағдырдың берген сыйы мен тауқыметін қатар өреді. Сымайыл – Ақтайлақ бимен дәмдес болған, биді үлгі тұтып, өзіне қарасты халықтың қалпының сақталуын, қазақтың діні мен ділі үшін күресе білетін текті кейіпкер, әрі, романдағы Ақтайлақ би сынды тұлғалардың туын көтерген ендігінің адамы. Қожа ұрпақтарын жанына жақын тұтты. Кейбір зәңгілер мен бектерге ұксап ашуға, асығыстыққа бой бермеді. Тұла бойындағы сабыр мен салмақ тура жолға бастады. Тек көзі қанталаған дұшпанның осы қазақтың кінәсі жоқ, ауылын аман қалдырайық дейтіндей ниеті болмады. Жолдағының бәрін жалмады. Көзге көрінгеннің бәрін жайратты. Қамсыз отырған ауыл да дұшпанының құрбанына айналды. «Отырардың күйреуіндегідей» еркек кіндік қалдырмауға бекінген дұшпанның беталысы жаман еді. Қазақ даласы тағы да қанға бөкті. Сымайыл да жақындарынан айырылды. Шаңырағы ортасына түсті. Жазушы кейіпкерін бірде қайғының жетегіне жіберсе, бірде еңсесін тіктетіп, елінің қорғаны болуға итермеледі. Қайғыны қайратқа, азаны ақылға жеңдіре білген кейіпкер «қорғансыз жетім – жесірді әулетсіз қалған шаңырақтың бауырына салды... жылағанды жұбатып, еңірегенді есіркеген Сымайыл көзінің тірісінде-ақ ел алғысына бөленіп, ұлыстың атасына айналды» [5, 165]. Сымайылдың халық үшін жаралғанына тағы бір оқиға арқылы көз жеткіземіз. Өз кіндігінен тараған, бесіктен белі шықпай жатып қалмақтың арасында жүріп «Мен – қалмақ емес қазақтың... сендер бүйте берсеңдер қазағыма кетіп қаламын» деп жанарынан от ұшқындаған Қайыңбайдан көз жазып қалады. Кейіннен бұрын өзінің шарапаты тиген Бойха есімді кемпірдің арқасында аман қалған Қайыңбаймен тағдыр қайта қауыштырады. Қауышар алдында Ши-амбы есімді губернатор баласын іздеп келген әкеге ұсыныс айтады. Балаға бауыр басқан шенді сый ұсынады.

Сол сәттегі Сымайылдың әрекеті көшпенділердің қазынасы мал мен асыл тастардан бас тартып, халық игілігі үшін диқаншылықпен айналысуды мұрат етіп, бір тоған су сұрау арқылы оқырманын өзіне тағы бір қадам жақындатса, ата-анасымен қауышқан ер азаматтың ғұмыр қысқа болып бір айдан кейін қаза тапқанда қайғыға қасқая қарсы тұрып, «Мен ана жылғы қырғында халқымның қақ жартысынан айрылған адаммын. Бір баланың қайғысы сол күйіктен артық дейсің бе?!» – деп тағы сүйіндіреді. Романға дендеген сайын жолығатын кейіпкерлердің қазағы болсын, қожасы болсын осалын таппайсың. Шегінен тұлғасы толымды кейіпкерлер. Ақтайлақ бидің шарапаты тигендей. Солай болуы да заңды. Шынымен де барлығы Ақтайлақ биден бата алған азаматтар. Абай атамыз айтқандай «мыңмен жалғыз алысып жүріп» тығырықтан жол тапқан Ақтайлақ бидің жаққан Прометей алауы мәңгілік өшпейтіндей.

Романдағы тағы бір ерекшелік іштей қазаққа психологиялық анықтама жасауға мүмкіндік аласың. Қожа қазақты туғанындай жақсы көретіні бір төбе. Қазақтың тұрмыстағы тірлігіне қарап та бағамдайсың. Бірде қазақтың жауынгерлігіне тәнті болып, «ат үстінде қолма-қол қимылдайтын дала ұрыстары болмаса, көше-көшені кезіп, қамал қақпасын күзету – қыр қазағына іш пыстырар көңілсіз ермектей көрінетініне» ықыласың ауады. Бірде, «ақкөңіл, жақсы халық қой – қазақтар. Жомарттық, қонақжайлық, кісілік, тазалық жағынан қалмақтан мың есе артық» – деп марқайып қаласың. Жаныңды жегідей жеп, қабырғаңа аяздай бататын сатқындыққа бой алдырып, мансап пен биліктің шырмауында жүргендер Ақтайлақ би бастаған асыл затты арда азаматтардың көлеңкесінде қалатынын сезініп, шүкірлік етесің.

ҚОРЫТЫНДЫ

Тұрсын Жұртбай «Қай халықтың маңдайына өзінің тегіне жат қандай сор бітсе, ол – сол өзін отарлаған елден жабысты», – десе, сондай кеселдің алдын-алған Ақтайлақ бидің азаматтық болмысы, жүріп өткен жолы, айналасындағыларға тиген шапағаты оқырманының жүрегінің төрінен орын алары хақ. Жаһандану кезеңін бастан кешіп жатқан қазіргі қазақ қоғамы Ақтайлақ бидей қаһарманына зәру. Ендеше Қабдеш Жұмаділовтың «Прометей алауы» сынды тың тарихи туындылардың өз мәні бар. Романға арқау болған кейіпкерлердің тұлғалық әлеуетін ашатын көркемдік таным тұғырларының, ғылыми тұжырымдардың жиі көрініс беруі күн тәртібінен түспейтін мәселе болып қала бермек.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 http://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy

2 **Жұлдыз, Ш.** Елеуенов Қазіргі тарихи романдағы тарихи шындық пен көркемдік шешім.

3 **Бердібаев, Р.** Қазақ тарихи романы. Алматы, «Ғылым» 1979. – 240 б.

4 **Қабдолов, З.** Сөз өнері. – Алматы : «Қазақ университеті», 1992. – 351 б.

5 **Жұмаділов, Қ.** Прометей алауы. Роман және әңгімелер. – Алматы : «Атамұра», 2002. – 352 б.

6 **Әбдиманұлы, Ө.** XX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ романдарын зерттеудің өзекті мәселелері ҚазҰУ хабаршысы, Филология сериясы, № 4–5 (150–151). – 2014

7 **Жұртбаев, Т.** Талқы. – Алматы : Қазақстан, 1997. – 368 б.

Материал 06.12.17 баспаға түсті.

М. Даулеткерей

Роман и историческая личность (Образ Актайлак бия в романе Кабдеша Жумадилова «Пламя Прометея»)

Жетысуский государственный университет
имени И. Жансугурова, г. Талдыкорган.

Материал поступил в редакцию 06.12.17.

M. Dauletkerey

Novel and historical personality (An image of Aktailak biy in the novel of Kabdesh Zhumadilov «Flame of Prometheus»)

I. Zhansugurov Zhetysu State University, Taldykorgan.

Material received on 06.12.17.

В условиях глобализации сохранить свою самобытность, национальную особенность можно только через свою историю и духовный мир. В статье рассматриваются понятия «романа» и «исторической личности», а также анализируется образ главного героя романа «Прометей алауы» Кабдеша Жумадилова.

In the frame of globalization process, the only way to preserve your uniqueness is to treat the history and spiritual values. The paper dwells upon such concepts as «novel» and «great name of history» as well as the main character of the novel «Prometheus» by K. Zhumadilov.

ӨОЖ 821.512.122

Т. М. Джакыпбекова

ф.ғ.к., қауымд. профессор м.а., I. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдыкорған қ.

e-mail: Mamilya_72@mail.ru

ПАНФИЛОВШЫЛАР ЕРЛІГІН ЖЫРЛАҒАН ПОЭМАЛАРДАҒЫ СУРЕТТЕЛГЕН ТАБИҒАТ ҚҰБЫЛЫСТАРЫ

Ұлы Отан соғысы жылдарындағы жалпы әдебиеттің мазмұндық сипаты соғыс сипатына тап болған қоғам көрінісімен астасып жатты. Талант табиғатын оқиганы айна-қатесіз баяндап беруінен емес, сол оқиганы көңіл түкпірінен қалай сүзіп шығарды, қандай көркемдік ізденістерге барғандығынан бағалай аламыз.

Кілтті сөздер: панфиловшылар ерлігі, шайқас даласы, поэма, дастан жанры, соғыс қасіреті, ерлік эпосы, Ұлы Отан соғысы батырлары.

КІРІСПЕ

Ерлік іске қанаттанған қалам иелері Москва түбіндегі Дубосеково торабындағы Жиырма сегіз ердің ерлігін арқау еткен поэмаларда қалыптасқан көркемдік жүйені шығармашылықпен игере отырып, тың талпыныстар жасады.

Бүгінгімізді кешегінің жемісі, өткеннің жалғасы ретінде танытатын қоғамдық даму заңдылығының үзіліссіз процесс екендігін ескерсек, сол қоғам көрінісімен біте қайнасып жататындықтан әдебиеттің де даму бағыты бұл заңдылықтан алшақтамайды. Сыртқы дүниенің сырына үңілген дарын иесі көзімен көргендегісін немесе жанымен сезінгендегісін өзінің тілі, діні, әдет-ғұрып, салт-санасы тұрғысынан ой талқысына салады, яғни шығармашылық ізденісте ұлттық болмыстың ат салысуы табиғи құбылыс. Осы тұрғысында сөз болып отырған Дубосеково торабындағы тарихи шындықтың ой таным талғамына түскендегі көркемдік игерілуінен ұшырасатын ұлттық таным ерекшеліктерін екшеп көрелік. Поэмалардың өзегінде ақындық шабыттың иіріміне түскен шайқас алаңының суретінен ортақ ізденістер байқалады, ол – шайқас эпизодымен үндестірілген табиғат суретінің ұлттық таным тұрғысынан таразылануы.